



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- **6B01404 – Дене шынықтыру және спорт**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Ой-өрісі кең, креативтіліктік деңгейі жоғары, жүйелі ойлау қабілеті, дамыған когнитивті және әлеуметтік дағдылары бар, дене шынықтыру және спорт саласында нәтижелерге қол жеткізе алатын кәсіпқой мұғалімдерді даярлау
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ	Білім беру, тәрбиелеу, сондай-ақ мұғалімнің дене шынықтыру және спорт саласындағы тренерлік және ғылыми қызметі

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

- ОН1** – дене шынықтыру біліміне болашақ мамандардың жаңа тарихи санасын қалыптастырудағы спорт саясатының басымдықтарын енгізе отырып, тарихи-саяси сипаттағы қазіргі заманғы процестерді классификациялайды;
- ОН2** – дене шынықтыру және спорт әлеуетін пайдалана отырып, қазіргі ғылымның философиялық, социологиялық, саясаттану, мәдениеттану және психологиялық аспектілерін, сондай-ақ тиімді мәдениетаралық коммуникация техникасын бейімдейді;
- ОН3** – спорт түрлері бойынша федерацияларды қоса алғанда, спорттық ортада болашақ мамандардың қызметін тиімді ұйымдастыру үшін практикалық білімді пайдаланады; анады;
- ОН4** – дене шынықтыруды дамытудың мәселелері мен перспективалары бойынша мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде өз пікірін ұсынады және дәлелдейді;
- ОН5** – жаңа аппараттық-бағдарламалық құралдарды, цифрландыруды және әртүрлі ақпараттық ресурстардың мүмкіндіктерін қолдана отырып, техниканың жетістіктеріне негізделген оқу-жаттығу процесін модельдейді;
- ОН6** – дене шынықтыру білімін жетілдіру мақсатында экономика және бизнес негіздері, дене тәрбиесі, кәсіпкерлік және көшбасшылық, өмір қауіпсіздігі және салауатты өмір салты, экология және тұрақты даму, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет бойынша материалдарды пайдаланады;
- ОН7** – ЮНЕСКО-ның материалдық және материалдық емес мұраларын қоса алғанда, дене шынықтыру мен спорттың ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін классификациялайды;
- ОН8** – оқушылардың даму психологиясы мен физиологиясына сүйене отырып, ресми және бейресми дене тәрбиесінің тұтас педагогикалық процесін құрастырады; растырады;
- ОН9** – менеджмент негіздері, білім алушылардың спорттық жетістіктерін өлшеу технологиясы, дене шынықтыру спорт пәндерін оқытудың заманауи әдістемесі, цифрлық мәдениет, соның ішінде инклюзивті білім беру негізінде педагогикалық процесті басқарады;
- ОН10** – дене шынықтыру және спорт саласында (спорт түрлері бойынша), дене шынықтыру жаттығуларын интерактивті графикалық бейнелеу құралдарының көмегімен, қазіргі заманғы дене шынықтыру нысандары арқылы аудиовизуалды құралдардың шығармашылық жұмысын модельдейді және жасайды; және жасайды;
- ОН11** – психологиялық-педагогикалық, анатомиялық-физиологиялық, медициналық, дене шынықтыру-спорт пәндері бөлімдерінен қажетті оқу материалдарын зерделейді және таңдайды;
- ОН12** – дене шынықтыру және спорт бағыттары бойынша ұлттық тәрбиенің этномәдени ерекшеліктері мен қағидаларын ескере отырып, педагогтың кәсіби қызметін ұйымдастыру тәсілдерін меңгереді.